

Сарысу ауданы бойынша бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы Сарысу аудандық мәслихатының 2024 жылғы 19 наурыздағы № 19-3 шешімі. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 2 сәуірде № 5185-08 болып тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Сарысу аудандық мәслихатының 2025 жылғы 26 желтоқсандағы № 49-3 шешімімен.

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы Сарысу аудандық мәслихатының 26.12.2025 № 49-3 (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасы Кодексінің 696-3-бабының 5-тармағына сәйкес Сарысу аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Сарысу ауданы бойынша бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде төлем көзінен ұсталатын салықтарды қоспағанда, корпоративтік немесе жеке табыс салығының мөлшерлемесін салық кезеңінде алынған (алынуға жататын) кірістер бойынша 4 (төрт) пайыздан 2 (екі) пайызға дейін төмендетілсін .

2. Осы шешім 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Сарысу аудандық мәслихат төрағасы

Ш. Мусабеков